



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Ангархаев А.А. Проблема национальной идентичности в контексте глобализации. <https://docs.google.com/>In today's dynamically developing world, the problem of national identity is at the center of attention, both politicians and researchers. They are particularly relevance to polyethnic state formations. <http://akikatkaz.kz>
2. Володин А.Г., Широков Г.К. Глобализация: истоки, тенденции, перспективы//Полис. – 1999. – №5. – С.84.
3. Мельник Г.С., Тепляшина А.Н. Актуальные проблемы современности и журналистика // Массмедиа в условиях глобализации: Взаимосвязь глобализации, глобализма и трансформации. – СПб., 2005.)
4. Вартанова Е.Л. Глобализация СМИ и масс-медиа России // Вестник Московского университета, серия 10, «Журналистика» – М., 2005. № 4.
5. Долгов Б.В. Процесс глобализации и развивающиеся страны (на примере Алжира) //Ближний Восток и современность. Сб. статей. Вып. XIII. Отв. ред. В.А. Исаев, А.О. Филоник. М., 2002, с.31-32.

«ЖАС ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

Абылханова Әсел Қырғызғалиқызы

abylhanova_a@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Баспасөз және баспа ісі
кафедрасының оқытушысы, Астана, Қазақстан

Қазақ ұлтының дамуындағы өзіне тән ерекшеліктің бірі – әртүрлі құндылықтар негізінде қалыптасқан алуан-алуан социомәдени құрылымдардың қатар жасауы және олардың әрқайсысына сәйкес қоғамдық сана мен мінез-құлық үлгісінің пайда болуы. Социомәдени алшақтық негізінде этностар ішіндегі бөлінушіліктің себебі – кеңес дәуірінде жедел әрі күштеп жүргізілген тілдік ассимиляция мен ұлттық мәдениет элементтерінің аккультурациялануы. Социомәдени қауым ретінде қазақтың телім-телім болуының, кіріге алмауының бір себебі осы. Бұл этнолингвистикалық социализациядағы айырмашылықтан ғана емес, одан да тереңнен – құндылықтар ерекшелігінен де көрінеді. Қазақтың екіге жарылғаны әсіре айқын байқалатын жер – мемлекеттік тілді пайдалану, мемлекеттің формасын және саяси басымдықтарды анықтау сияқты мәселелер. Осының салдарынан қазақ ішінде әрқайсысының өзіне тән социомәдени, әлеуметтік-психологиялық және өзге де белгілері бар топтар пайда болды. Қазақтың социомәдени тұрғыдан бөлінуі кейде тіпті бүкілұлттық бірлік сезімінен де басым шықты.

Міне, бұл пікірлерден, журналистиканың қоғамдық пікір қалыптастыруға ықпал еткен көріністер байқалады. АҚШ-тың Вандербилт университетінің профессоры Честер Финннің зерттеулеріне көз салсақ, «демократиялық қоғамдағы БАҚ төмендегі функцияларды атқарады:

1. Ақпарат тарату;
2. Ағартушылық, үйрету;
3. Үкімет орны және мемлекет қызметін бақылау;
4. Қоғамдық пікір қалыптастыруға ықпал ету» [1,29-б].

Осы функциялардың барлығы «Жас қазақ» апталығында жарияланып тұратын мақалалардан байқауға болады. Мәселен, газеттің 2009 жылдың 30 сәуіріндегі нөмерінде жарық көрген «Қазақ» мәселесі: шикан бар, шипа жоқ» атты мақалада қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарында жиі-жиі көтеріліп жүрген ұлт мәселесіне байланысты мәселе қарастырылады. Жалпы бұл ақпараттық жанрда жазылған мақала. «Ұлт тағдыры» ұйымы ұйымдастырған ғылыми конференция. Мақала авторы Өркен Кенжебеков жалпы бұл

тақырыптың жазыла-жазыла жауыр болғандығын айта келіп, осы ғылыми конференцияда не болды соны қарапайым тілмен, көпшілікке түсінікті етіп жазады. Ал басылымның дәл осы нөмерінде жарияланға «Жас қазақтың» Астанадағы меншікті тілшісі Төлен Тілеубайдың «Қазақстан ғаламторды жүгендемек» атты мақаласының жанры да ақпараттық. Мақалада тілші Парламент Мәжілісінің бір күнгі жұмысын айтады. Жалпы бұл жерде айта кету керек тілшінің сөз саптауы сіресіп қалған реси емес, түсініктілеу, әрі тез оқылады. Мақалада: «Заң жобасының үкіметтік нұсқасын «үлкен үйге» алып келген Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің төрағасы Қуанышбек Есекеевтің айтуынша, бұдан былай ескірген және қазіргі заманғы интернет технологиялардың даму деңгейіне сәйкеспейтін «веб-сайт» деген ұғым «интернет-ресурс» болып өзгертіледі...». Автор бұл жерде «үлкен үй» деп отырғаны Парламенті Мәжілісі. Сөйтіп автор жай ғана күнделікті ақпаратты берудің өзінде сөздік қорын сәтті қолдана білді.

Журналистің қасиеті оның саяси-әлеуметтік қызметіне, дүниеге деген көзқарасына позициясына байланысты. Бұл жан-жақты білімділікпен саяси азаматтық тұрғыдан өсу, кемшіліктерге төзбеу, өз өмірін халық ісі үшін арнауға келіп тіреледі. Әрбір журналист өз елінің шын патриоты болуымен бірге сол мемлекеттегі және жер жүзіндегі оқиға құбылыстарға сергектікпен қарап жедел жариялап отыруы міндет. Журналист өз ісіне адал берілген маман болуы тиіс. Бұл ретте «Жас қазақ» апталығы осы мүддеден шыға білді. Олар ақпарат ағымымен бірге, сол берілген ақпаратты сараптап, жіктеп, таразылап оқырманға ұсынды.

Шындығын айту керек, қазіргі қазақ баспасөзі туралы сыни-пікірлер айтылғанда, қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарында экономикалық, саяси сараптамалардың аз және өтімді еместігі көп айтылады. Алайды, біз бұл пікірмен келіспейміз. Жалпы соңғы кездегі қазақ баспасөзін парақтап отырғанда, тіпті Қазақстанда ықпалды болып саналатын орыс тілді баспасөзде көтерілмейтін экономикалық тақырыптар қазақ баспасөзінде бой көтеріп жатады. Сондай-ақ қазақ тіліндегі қазақ газеттерінде жарияланған Мәселен, «Жас қазақ» апталығында үнемі экономикалық тақырыпта қалам тербеп жүрген тілшісі Гүлзат Нұрмолдақызының «Тесік-шелек» атты мақаласы.

Аталған мақалада қарапайым халық үшін қарызға ақша алудың құралы болып табылатын – ломбардтар туралы айтылады. Өте өзекті тақырыптардың бірі. Тілші ломбардтың қалай жұмыс істейтіндігін көрсету үшін, кепілге қойылған баспанасының ақшасын төлей алмай, қарызға белшесінен батқан Айжан есімді қарапайым тұрғынның тіршілігін мысалға алады. Бұл жерде Айжан – Қазақстандағы көптеген адамның прототипі. Мақалада Айжанның жайы былай көрсетіледі: «Дағдарыс келгелі саудасы да сап тыйылды. Осы жерде өмірде болған бір әңгіме есіме түсіп отыр. Бір кемпір баласы туралы: «Балам бұрын рәкет деген жұмыс істейтін, бәрін үйге тасушы еді. Қазір касык деген жұмысқа кіріп алыпты, бәрін сыртқа тасиды», – деген екен. Сол құсап Айжан да шаруасы жүріп тұрғанда, тапқан-таянғанын түгелдей ломбард атаулыға тапсырып біткен. Қарызы әлі де таусылған жоқ. Қазір телефонын сөндіріп, есіктегі қоңырауын алып тастап, екі құлағын бітеп отыратын болды. Түнеукүні ол төркініне тағы келді: «Маған 10 мың доллар тауып бермесеңдер, мен өлемін», – деді. Ағасы астындағы «Мерседесін» берді. Базарға шығаруға уақыт тапшы, Айжан қос өкпесін қолына алып, ломбардқа жетті. Әлгі «Мерседесті» асықпай 4 мың долларға сатуға болар еді, ломбард Айжанның қолына 300 мың теңге ұстатты... Айтайын дегеніміз, осы айы оңынан туып тұрған ломбардтар да біреулердің көзіне түсе бастапты...», – деп тілші көтерейін деп отырған негізгі проблемаға өтеді. Одан әрі «Жақында осы ломбардтық қызметті банктердің қарамағына беру керек деген әңгіме шықты», – деп негізгі мәселеге өтіп, – « – Бұл, негізі, дұрыс бастама емес, – дейді «Береке-С» ломбардының бас менеджері Қуат Нұртаев. – Осы күні банктердің басында онсыз да түйткіл көп. Оның үстіне, ломбард қызметін апарып жапсырсақ не болады? Ұлттық банк пен Қаржы-қадағалау агенттігі айырбастау бөлімдері мен ломбардтарға жиі тиіседі. Өткен жылы Г.Марченко «айырбастау бөлімдерін жаппай жауып, екі-үшеуін банктерге беру керек» деген бастама көтерген еді. Бұл ұсынысқа ел-жұрттың бәрі наразы болғаны белгілі...», – дейді де, мақаланы

ломбардтарды банктердің қарамағына берген дұрыс деген қарама-қарсы пікірді былай ұйымдастырады: «Банктерге беру керек. Меруерт Айтжанқызы, тұтынушы: – Негізі, ломбард ісін банктердің құзырына өткізген дұрыс. Өйткені бақылау, тәртіп күшейеді. Осы күні кімнің қолы ұзын, кімнің әке-көкесі жоғарыда отыр, соның бәрі ломбард ашып алған. Бағалы затты қалай бағалайды, оны ешкім білмейді. Жария ақпарат жоқ. Ақшадан қысылған адам асыл затын арзанға өткізіп кете береді. Уақытында ақшасын төлеп, алтын-күмісін қайтарып ала алмаса, ол қарабазарға шығарылады. Қып-қызыл сауда...». Осындай екі қарама-қарсы пікірде келтіре тұра, тілші өзінің жеке көзқарасын білдірмейді. Ломбардқа қатысты пікірді осы саланың жілігін шағып, майын ішіп жүрген экономис-маманға қалдырады. «Серік Биханұлы, Экономика және бизнес институтының директоры: – Шыны керек, соңғы кездері банктер өзіне тән қызметпен айналыспай, қаржы саласының сақтандыру, лизинг тағы басқа бөлімдеріне жөнсіз араласып кетті. Табыс пен пайданы ойлаған қаржы институттары онды-солды қымбат ипотекалық несие, қаржы саласына жеңіл әрі арзан ақша құйып, экономиканы тығырыққа тіреді. Бұған жалғыз банкирлерді кінәлау орынсыз, сол кезде құзырлы мекемелер тарапынан бақылау, қадағалау босаңсыды. Соның салдарынан экономика тоқырауға ұрынды. Ломбардтық қызмет – банктік қызметке кереғар. Екеуінің айналысатын шаруасы бір-бірімен қабыспайды...», - деген пікірмен мақаланы аяқтайды. (*«Жас қазақ», ақпанның 19, 2010 жыл*).

Шетелдік басылымдардағы материалдарға тән **«Хьюман тач»** деген жанр кездеседі. Оның ерекшелігі – материалдағы ақпаратты «адам арқылы», яғни оның проблемасы, өмірлік жағдайлары, ойы, эмоциялары арқылы жеткізу. Бұндағы ақпараттың сенімділігі детальдар, суреттемелер, ирония түрде жасалатын байқау, мінездемелеу арқылы артады. Осының бәріне «адам факторы» немесе «хьюман тач» деген анықтама беруге болады [2,129-б]. Жоғарыда біз талдап өткен Г.Нұрмолдақызының «Тесік шелек» атты мақаласын біз «хьюман тач» немесе «адам факторы» жанрында жазылған мақала деп айтар едік. Себебі, мақаланың басы ирония түрінде жазылып, мінездемелеу арқылы әрі қарай өрбиді. Мақаланың тақырыбы да ирониялық сипатта қойылған. Бұл мақалада журналистік баяндау, ақпараттық түсінектеме беру мүлде жоқ, мақаладағы негізгі ақпарат «адами факторлар» арқылы беріледі. Бұл «Жас қазақ» апталығындағы мақалалардың негізгі ерекшеліктерінің бірі деп білеміз.

Әр материалда жаңалық болуы шарт-жаңа фактілер, жаңа тұжырымдар, оқиға немесе проблемаға деген жаңа көзқарас, жаңа тәсіл. Ең маңыздысы – мазмұн! **Оқырман шешім мен қорытындыны Сіз ұсынған факт пен тұжырым арқылы өзі шығаруы тиіс.** Егер бір көзқарасты оқырманға міндеттеп, мойындатқызатын болсаңыз, бұл насихаттау мен үгіттеуге ұқсап кетуі мүмкін. Бүгінгі оқырман фактінің негізінде қорытындыны өзі шығарады, журналист бұл фактіні тек түсіндіріп, оған жан-жақты сараптама жасайды. Бұл жерде «Таймстың» кредосын айта кеткен жөн: «Насихаттаудың ең дұрыс жолы-бағытты (тенденциялық) объективті фактілерді сараптап беру». Жеке фактіден жалпы қорытындыға келу және керісінше. **Оқырманға деген құрмет, яғни тек шындықты айту.** Кез-келген қателік автордың және ақпарат көзінің мәртебесіне (сенімділігіне) нұқсан келтіреді. **Түсінікті тілмен жазу,** термин сөздер мен диалектизмдерді қолдануды әдетке айналдырмаңыз. Таптаурын болған сөз тіркестерді (клише сөздерді) қолданудан аулақ болыңыз. **Қысқа да нұсқа жазу** (оны бұрын да жазғам, оқытушыларымыз да жиі айтады).

Ғаламдық қаржы дағдарысы қоғамдық өміріміздің қай саласында болса да, өзінің кері әсерін тигізіп жатқаны белгілі. Ақпарат құралдары қазіргіше түсінік бойынша, қоғамдық пікір қалыптастырушы, халықтың көңіл-күй ауанын зерттеуші, бағамдаушы рөл атқаратын болса, ол осы міндетті нақты проблемалармен бетпе-бет келгенде, ойдағыдай орындай алды ма деген сұрақ туындайтыны белгілі. Алайда қаржы дағдарысы туралы мақалаларды жазуда қазақ баспасөзі көш бастады десек артық айтқандық емес. Айталық, «Егемен Қазақстан» газетінің «Үкімет» арнаулы бетінде, «Айқынның» «Әлеумет», «Ұлттық компаниялар» беттерінде, «Жас қазақтың» «Дәулет» бетінде, «Агростан» қосымшасында жарияланған сараптамалық талдамалы мақалалары бұл пікіріміздің дәлелі бола алады.

«Жас қазақтың» экономика саласында қалам тербеп жүрген тілшісі Гүлзат Смағұлова – экономикалық тақырыптарға қалам тартуда өзіндік қолтаңбасын айқындаған талантты

журналистердің бірі. Оның қаржылық дағдарысқа қатысты «Жалақы жанбағысқа жетпей қалды» (Жас қазақ, 18 шілде, 2008 ж), «Банктерді мемлекеттендіру дұрыс саясат па, әлде...?» (Жас қазақ, 30 сәуір, 2008 ж), «Қарыздан құтылудың жолы – қайтару» (Жас қазақ, 18 сәуір, 2008 жыл) деп аталатын материалдары сараптамалық табиғатымен назар аудартады. Бұл ретте ол өз мақалаларына көтеріп отырған мәселелеріне орай тиісті мамандардың дуалы ауыз пікірлерін қиюластырып беруді тәжірибеге айналдырған. Журналистің мұнысы өте орынды деп білеміз. Журналистік пікірі мен маманның сараптауы бірін-бірі толықтырып тұратын көңілген қонымды. Бұның өзі қарайым оқырманның өзін толғандырған мәселе төңірегінде нақты пікір түйіне игі ықпал етері сөзсіз. Гүлзаттың жоғарыда атап өткен мақалалар топтамасы осы әдісімен құнды.

Біржақты көзқараспен шектеліп қалмай, қарама-қайшылықтарды көрсетіп, қоғамның ушыққан проблемаларын ашық айтып, пікірталастарға да орын берген «Жас қазақ» ұлттық апталығы – өз бағытын, стилін әлдеқашан қалыптастырған газет. Басылымның әр нөмерін қадағалап, үзбей оқитын оқырмандар аз емес. Жазылған жайларға үн қатып, газет бетінде пікір ашық айтқан қоғам қайраткерлері де жетерлік.

Ал басылым бетіндегі белгілі журналисі Ағабек Қонарбайұлының «Жолдауды қолдау керек. Бірақ қалай қолдап жүрміз?» (06.03.2009) атты мақаласы қарапайым халыққа ғана емес, ақжағылыларға да ой салғандай. Бүгінде ауылдағы ағайын мен қаладағы қалталының аузындағы әңгіме қаржы дағдарысы екені рас. Ал дағдарыстан қалай дін аман шықпақпыз? Бұл сұрақ көпшіліктің көкейінде. Осы ретте биылғы жылы наурыз айында Елбасының «Дағдарыстан – дамуға» атты Жолдауы дер кезінде жасалған үндеу болды. Алайда «Біз де жоғарыға жалға ақпарат беріп, президент алында «іскер» адам болып көрінуге ұмтылатындар көп. Әкім-қаралар көшеге көшет отырғызса да, ақпарат өкілдерін жинап, «жолауда айтылғандай» деп жаһанға жар салады. Атқамінерлер арық қазса да, «бұл да Елбасының жолдауында айтылған» деп соғады» дейді. Осыдан кейін Президент жолдауының қалай «қолдау» тауып жүргенін жайып салып, әсірешіл әкімдерді мінейді. Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – жемқорлық. Мамандардың саралауынша, Қазақстан халықаралық жемқорлық индексі бойынша 180 мемлекеттің арасынан 150-орынға «ие» болыпты. Әсіресе денсаулық, білім, сот, кеден салаларында өршіп тұрған көрінеді. Автор *«Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің экс-төрағасы Сарыбай Қалмырзаевтың өз кезегінде жемқорлықпен қалай «күрескені» белгілі. Қайрат Пернешұлының қазіргі агенттігіне оң баға беру қиын»* деп екпін сала келе, осы қызметтің тізгінін алған «Қайрат Қожамжаровтың елді жайлаған жемқорлықты жүгендеуге қайраты жетер ме екен?» деп сауал тастайды. Оған қоса, соңғы уақытта елімізге сырттан тасымалданатын тағамдардың құрамынан жаңа пестицидтер, диосиндер, микотоксиндер секілді ағзаға қауіпті заттардың анықталғанын айта келіп, Ауыл шаруашылығы министрі мен Денсаулық сақтау министрі жұмысына да мін тағады. Журналист осы уақытқа дейін Елбасының Жолдауында айтылған мәселелердің әлі күнге дейін орындалмай келе жатқанын ескертеді. Мақаланың жанры проблемалық болғанмен, автор материалдың өн бойында оқырманға сауал тастай отырып, соған жауап іздейді. Журналист осы арқылы өзінің мақаласын ұтымды шығарған.

Ал мемлекет басшысы көші-қон саясатын іске асыру мақсатында 2005 жылы 15 мың, 2006 жылы 20 мың отбасын Қазақстанға көшіруді тапсырған болатын. Алайда соңғы уақытта атажұртқа оралғанмен, құжат жинау үшін талай табылдырық тоздырып, қайта кері қайтып жатқан қандастарымыз аз емес. Қоғамның қалтарысында қалған осы проблеманы ашық көрсеткен басылым тілшісі Бектұрған Лақадылдың «Қазақстандағы қағазбастылық қандастарымыздың кері көшуіне себеп болды» атты («Жас қазақ», 13.09.2009) мақаласы жарық көрді. Автор салған жерден мақаланы «Шеттен келген қазақтар Қазақстан азаматтығына қол жеткізуі үшін бас-аяғы бір жыл уақытын сарп етеді екен. Егер елдегі бюрократия қандастардың қанын осылай «қайната» берсе, осыдан кейін кім келеді?» деп ортаға ащы сұрақ тастаумен бастайды. Түркия мен Израильде оралмандарға жасалған жеңілдіктерді айта отырып, журналист талдау жүргізеді. Қағазбастылықтан жүйкелері тозып,

кері қайтуға бел байлаған қандастардың аузына сөз салады: «Біз жалғыз-ақ нәрседен – қағазбастылықтан шаршадық. Оған төзе алмадық. Оны жасырып қайтеміз». Автор мәселені осылайша төтесінен қояды. Әсіресе, мақалаға сырттан келген қандастарды «араластыруы» ұмытды шыққан. Осылайша, журналист тақырыпты ашудағы алғырлығын байқатқан.

«Ұшты, ұшты... доллар ұшты!». («Жас қазақ», 09.02.2009) Дәл осындай тапқырлықпен қойылған журналист Гүлзат Нұрмолдақызының мақаласы оқырманның назарын бірден аудартады. Бұл 4 ақпанда доллар қымбаттап, теңге құнсызданып, жұртты әбігерге салған күн жайлы. Мақаланың табиғаты экономикалық тақырыптағы сараптамаға жақын. Бірақ экономикалық талдау болғанымен, қарапайым оқырман үшін мақаланың тілі жатық. Түсінуге жеңіл. *«Дәл бүгінгідей экономикалық ауыр жағдайда «көкала» қағаз құнын 124 теңгеден ұстап тұра алмаспыз анық. Қалай болғанда да, бұл оқиға ерте ме, кеш пе болатыны белгілі-тін. Себебі басқа елдер валюталарын девальвациялаған кезде біздің бағамды бұрынғы деңгейде «ұстап» отыру тиімсіз еді»* деп түсіндіреді. Оған қоса, сарапшы мамандардың жорамалын келтіріп, «девальвация 23 пайыз мөлшерінде болғанымен, 30 пайызға да жетуі мүмкін» деген болжам жасайды. Бұдан өзге «Сіз не дейсіз?» дей отыра, экономика саласын бүге-шегесіне дейін зерттеп-зерделеген Мырзагелді Кемел мен Қанат Берентаев, Тимур Назхановтың ой-пікірлерін ортаға салады. Бұл мақаланың тұздығын келтіріп, оның жан-жақты талдамалы ретінде шығуына септігін тигізген. Тақырыпты ашуда журналист Гүлзат Нұрмолдақызының ізденісі анық байқалады.

Жалпы, «Жас қазақ» экономикалық тақырыпта қоғамды алаңдатқан мәселелерді ашып-талдап көрсетуде Гүлзат Табынованың материалдары өз алдына топтама десе де болады. Әсіресе, «Бюджет бір емес, бірнеше рет «сүндеттелетін» болды», «Қолдау қаржысы экономикаға қашан түседі?» секілді сараптамалық мақалалары оқырманды бей-жай қалдырмағаны рас. Бұдан өзге басылым бетінде әлеуметтік мәселелер де терең орын алған. «Қыздар және қылмыс», «Ананың көңілі балада»... болсыншы», «Саясат сахнасындағы «сәуегейлер» енді халықты қалай «сендірер» екен?» атты журналист жазбаларынан қоғамның өткір проблемалары заманауи үрдісте айқын көрініс тапқан. Оған қоса, күнделікті өмір, әр алуан оқиғалар, жеке адам тағдыры, тіршілік тығырығы, елдегі мәдени-рухани саланың әр алуан мәселелері де басылым бетінде үнемі жарияланып отырады.

«Қоғам мүшелерінен жасырын ешқандай құпия болмауы керек» деп санайтын «жас қазақтықтардың» мәселе ашып көрсетуі мен мақаланың өткірлігі, тақырыптың тапқырлығы мен пікір алуандығына баса қатты мән беретіні анық. Бәлкім, газет осы ұстаным арқылы да өз оқырманының көңілін дөп басқан болар.

Бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік салаға қатыстылығы туралы әртүрлі пікір бар. Жалпы әлеуметтік жүйеге тоқталған кезде алдын-ала тұлғаның әлеуметтік рөліне тоқталамыз. Тұлғаның әлеуметтік ортасын қарастырғанда байқалған мәселе, бір адам бірнеше әлеуметтік орталарда болады, орталармен араласады. Олар осы ортада өздерін қалай ұстап, қалай көрсетсе солай қалыптасады.

Алайда журналистика маңызды әлеуметтік құбылыстардың бірі болып табылады. Онысыз қоғам өмірін көзге елестету мүмкін емес. Өз тарихында журналистика бұқаралық ақпарат құралдары жүйесі ретінде ұзақ жолдан өткені белгілі. ХҮІ-шы ғасырды адамдардың бір-бірімен хабар алмасу құралы ретінде пайда болғанымен, оның негізгі ерте кезді мегзейді. Сол уақыттардан бірі журналистика дамуы, қалыптасу жолдарынан өтті. Әр түрлі қоғамдық формация дәуірлерін бастан кешірді. Сөйтіп өзінің тарихи рөлін толық ашып берді. Бұлай дейтін себебіміз, ешқандай басқа құрал дәл осы журналистика секілді халықты әлеуметтік-саяси тұрғыдан жылдам әрі жан-жақты, белсенді түрде әртүрлі хабарлармен қамтамасыз етіп көрген емес.

Бұл ретте адамның сана сезіміне, іс-әрекетіне әсер етіп олардың көзқарастары мен мақсатарының қалыптасуына ықпал тиген. Сөйтіп ол барлық уақытта қоғам өміріне араласа отырып, пайымдаулармен, баға берумен, қорытындылар жасаумен, ұсыныстар айтумен зор қозғау салады. Әсіресе, саясат, экономика, экология, қоғамдық-әлеуметтік қатынастар көптеген салаларда шешім жасап, жүзеге асыруға ықпалы болды. Сөйтіп, журналистика

қоғамының әлеуметтік институттарының бірі болып саналады. Сондай-ақ, ол адамдардың идеялық тәрбиелеу құралы. Журналистика адам санасын көтеруге рухани әлемді байытуға себепкер болады. Журналистиканың әлеуметтік рөлін көбіне баспасөзбен байланыстырып жататынымыз сондықтан.

Журналистің қасиеті оның саяси-әлеуметтік қызметіне, дүниеге деген көзқарасына позитциясына байланысты. Бұл жан-жақты білімділікпен саяси азаматтық тұрғыдан өсу, кемшіліктерге төзбеу, өз өмірін халық ісі үшін арнауға келіп тіреледі. Әрбір журналист өз елінің шын патриоты болуымен бірге сол мемлекеттегі және жер жүзіндегі оқиға құбылыстарға сергектікпен қарап жедел жариялап отыруы міндет. Журналист өз ісіне адал берілген маман болуы тиіс.

«Жас қазақ» газетіндегі «Тіршілік» айдарындағы мақалалар осы әлеуметтік тақырыптарға арналған.

Басылымның «Бөтеннің қаңсығы – бізге таңсық» атты мақаланы мынандай жалпы жұрт білетін анекдотпен бастайды: «Шенеуніктің әйелі үйіне келіп: – Сені түрмеге қамайды екен, – депті жолдасына. Мұны естіген күйеуі көзі атыздай болып: «Оны кім айтты?» – деген екен. – Ауылдағы әйелдер айтып жүр. – Әйелдерің сөйлей береді. Расында, бір апта өтпестен әлгі шенеунікті жемқор деп айыптап қамауға алған екен. Тағы біраз күннен кейін әйелі: Сені он жылға соттайды екен, – депті. – Оны кім айтты? – Ауылдағы әйелдер. Шынымен-ақ, жазасы дәлелденген шенеунікті он жылға соттапты. Арада төрт жыл өткеннен кейін әйелі келіп: – Сені мерзімінен бұрын босатпақшы, – депті. Сонда күйеуі: «оны кім айтты?» – деген екен. – Жаңа ғана судьямен сөйлестім, сол кісі айтты, – депті жұбайы. Сонда жолдасы: «Судьяң құрысын, ауылдағы әйелдер не деп жатыр? – деген екен», – деп мақаланы өте жеңіл бастайды. Сосын бірген айтайын деген ойына көшеде «Мұны әзіл деп қарағанымызбен, гу-гу өсектің шындыққа жанасатын кезі де болады. Жаңа жылдан кейін көлік бағасы қымбаттайды деген сәуегейлердің жорамалы шынға ұласа бастады» дейді. Жалпы тақырып шетелден елімізге әкелінетін ескі көліктерді шектеу. Автор көлік сататын базарды аралай жүріп, осы базарда орын алған жалпы жағдайларды қаз-қалпында баяндай отырып, бұл қаншалықты тиімді, қарапайым халық тың көлікке қолы жетпей қала ма деген сұрақ төңірегінде ой айта келе, «Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті төрағасының орынбасары Игорь Теннің: «Қазақстан кедендік одаққа кіргеннен кейін жеті жылдан астам уақыт пайдаланылған ескі көліктердің бағасы міндетті түрде көтеріледі. Жаңа автокөліктер құнының қалай құбылатынын нарық өзі реттейді» деген сөзін дәйек ете отырып болашақта көлік нарығында қымбатшылықтар күтіп тұрғандығын болжайды. Тек болжап ғана қоймай оған әлеуметтік тұрғыдан зерттеу жасайды. *(Жас қазақ, Диас Нұрақын, 12 ақпан, 2010 жыл)*

1. Журналистиканы социологиясыз елестету қиын. Әсіресе, мемлекеттің саясатын, оның жүзеге асырылу барысын зерттеп, талдау жасаған салмақты мақала жазу үшін социологиялық зерттеулердің нәтижесін пайдалануға қажеттілік туындайды. Зерттеушілердің айтуынша, әлеуметтану аумағында негізінен сырттай бақылау, анкеталық сауалнама, пікір алмасу, комбинация деген басты төрт тәсіл қолданады екен [3,189-6].

Осылардың ішінде басылым беттерінде пікір алмасу өте кеңінен қолданылып жүр. Мәселен, басылымдағы «Далабезер» атты мақала құрылымдық формасы өзгешерек (Жазира Бегалы, Жас қазақ, 29 мамыр, 2009 жыл). «Бәзбір балақай ойыншық ойнамайды, ойынға да қызықпайды. Неге? Өйткені есіл-дерті – үйден қашып, дала кезу. Балғындардың сүйікті жері – жертөле, шатыр, теміржол бекеті, қала берді, базар маңы...» деп басталатын мақала әрі қарай былай өрбиді. Жертөледе күн кешіп отырған жеткіншектермен аз-кем тілдестік.

– Бұл жерге қалай сиясыңдар?

– Ол жерге мен ғана сиямын. Мына құбырға бір бала сияды, аяғын бүктесе тағы біреу сияды. Жертөлеге кіріп көрген едік.

– Қыста суық емес пе?

– Жоқ, мына құбырда жылу болады ғой.

– Осында тұратын адамдар сендердің тұратындарыңды білмей ма?

– Олар білмейді, компьютерден қалай шығам, осында келемін, ешкім жоқ болса, ақырындап кіріп кетем. Мына жерге біреу, мына жерге тағы біреу сияды, қағаздардан басыма бас киім жасап алам. Қоқыстан алған заттарды жастық ретінде пайдаланамын»- деп мақаланы сұрақ-жауап арқылы мақаланы өрбітеді. Осы әлеуметтік сұрау салу арқылы қазіргі қоғамда дендеп бара жатқан жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен далабездер балалар туралы журналист өте орынды қозғайды.

Осы жерде бір мысал айта кеткізім келеді, кезінде Американың «Стар-Трибьюн» газеті штат көлемінде әйел зорлаған қылмыскерлерді қалай жазалайтындығына зерттеу жүргізіп, көлемді мақала жариялаған екен. Газет қызметкерлері соңғы 10 жыл ішінде әйел зорлаған, кәмелетке толмаған қыздардың абыройын төккен 767 қылмыспен танысып, сотта 300 іс қаратқан екен. Аталмыш мақала кезінде американдықтарға шынымен ой тастай білген. Ал, нақты жағдай газетте жазылғаннан бетер қауіпті болып көрінді. Айталық, заң мекемелері мұндай қылмыстарға соншалықты қатты мән бермейтін, зерттеулерге назар аудармай тын тек қылмыскерлер ұсталған жағдайда жазалауды ғана білетін болған. Газет әйел зорлау секілді қылмыстарды ашуға құқық қорғау орындары немқұрайды қарайтынын, ашылған күннің өзінде оның түп-төркініне үңілмейтінін қатаң сынға алады. Мақаланың ізімен психологтар көп жұмыс жүргізеді. Қылмыскерлермен жұмыс істеу әдістемелердің талапқа сай келмейтінін, жетілдірілмегенін, істің шала-жансар, бір сарынды екендігін дәлелдейді және психологиялық ешбір жәрдем қылмыстың қайталанбайтындығына кепілдік бере алмайды деген қорытынды жасайды. Осылайша журналистердің жасаған тұжырымдарының, кетерген проблемаларының кәсіби психологтардың қатаң ұстанатын қағидаларынан артық нәтижеге жеткенін жаппай мойындаған. Міне, баспасөздің құдіреті. Әрине, қазақ баспасөзі осындай ықпалды күшке айнала қойды дегеніміз шындыққа жанаса қоймас. Бірақ қазақ журналистикасында ізденіс бар...

Тағы бір мысал алсақ, Сіз билікке сенесіз бе? *(Жас Қазақ, 15 мамыр, 2009 жыл)*. Ә дегенде, әумесерлеу көрінетін сұрақты солшыл реакционер қойса, қалыпты жайт ретінде қабылданар еді. Алайда осы сұрақ оппозицияның ығындағы ағайынды ғана емес, қос баррикаданың қалтарысындағы сіз бен біздің де тынышымызды ала бастады. Ақыр аяғы жол кезген таксистке дейін «әңгіме болсын» деп әлгі сұрақпен клиентінің саяси білімін сынға салады. Соған қарағанда, «Бізде шынымен сенім дағдарысы орын алды ма? Орын алса, оны қалай еңсереміз?» деген сауалдар сананы торлайтыны рас.

Журналист алдымен саяси сенім деген не? деген сұрақ төңіретігінде ой қозғайды. «Осының басын ашып алсақ. Екібастан билікті субъекті ретінде қарастырсақ, ол – қоғамның материалдық, әлеуметтік, басқа да ресурстарын формалды түрде бақылайтын адамдар тобы. Ендеше, саяси сенім дегеніміз – қоғам өкілдерінің тарапынан «биліктің іс-қимылдары әлеуметтік шынайылыққа сәйкеседі, оны оңға өзгертеді» дегенге сенуі. Басқаша айтқанда, қоғам өз ресурстарының ортақ мүдде үшін әділетті түрде пайдаланылатындығына сенім артады», - дей келе мақаланың соңында журналист әлеуметтік сауалнама қорытындыларына тоқталғанды жөн санайды. «Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы жүргізген соңғы сауалнаманың нәтижесін оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік. Сауалнамаға 1100 адам қатысқан. Айшықты диаграммалардан ұққанымыз – қаржы дағдарысы қоғамдық көңіл-күйді арнасынан шығара алмапты», - деп мақаланы аяқтайды. Бұл жерде журналист өз қызметін жемісті атқару үшін интеллектуалдық, психологиялық, шығармашылық қабілетін толық пайдаланып, сонымен бірге табанды, батыл қасиетімен де танылып отыр.

Журналистикада әлеуметтік зерттеулерді іскерлікпен пайдалана білу — ескірген бір сарынды тәсілден батыл арылуға, жаңа концепциялар ұсынуға, қоғамдық пікір қалыптастыруға келгенде өзінің жемісін беретінін көрсетіп келеді. Бұл тәсілді батыс бсылымдары ежелден-ақ қолданып келе жатыр.

Кез келген журналист мақала жазу барысында оқиға фактісіне, жеңіл-желпі қарамай оның түпкі мәніне себеп-салдарына назар аудару керек. Ол үшін сол саладағы арнайы мамандар мен кеңесу артық емес. Жаңа мәліметтерді салыстырып қарау жөн. Бәрі анық

болғанда ғана журналист мақала жазу керек. Бұл орайда жақсы дайындық жаңа мәселелерді тез аңғару, проблеманы байқай білу, әлеуметтік бақылауды дұрыс жүргізу шарт. Сондықтан да журналист әрқашан өз білімін теориялық тұрғыдан толықтырып, практикалық тұрғыдан ізденіп, еңбек ете білгені дұрыс. Журналист болу үшін рухани және өмірлік дайындықтар болуы керек. Сонымен бірге журналист әлеуметтік бақылау арқылы да өзінің кәсіби біліктілігі мен білімін жетілдіре алады.

Әлеуметтік бақылау – алғашқы ақпарат жинаудағы қарапайым әдісі болып табылады. Бұл оның түрлерін зерттеу әдістерінің құрылымында оның құрамдас бөлігі ретінде жүре беретіндігінен болса керек. Әлеуметтік бақылау нақты зерттеу мақсатын көздей отырып, жоспарылы, жүйелі түрде өтеді. Объектінің мінез-құлқы мен оның салдары бақылау арқылы анықталады. Сұраққа қарағанда ол объективті әрі дәлдікке бейім алайда көптеген деректер бақылауға бағына бермейді.

Журналист күрделі әлеуметтік оқиғаларды талдау барысында әлеуметтік әдістерге жүгінуі мүмкін. Бірақ, журналистің әлеуметтанушы мен маркетингтік ерекшелігі – тек танымдық алғашқы кезеңмен шектелмейді. Кезесі кезең – «шығармашалық ой толғау» кезеңі. Танымдық тұрғыдан мәселені, ой-елегінен өткізіп, толымды пікір айту, деректерді қорытып, көркем шығармашылық әдістерін пайдалану кезеңі. Бұл кезеңде журналист эмпирикалық танымдық тәсілден публицистік ғылыми деңгейге көтеріліп тұжырым түйеді, ұсыныс айтады, проблеманың шешу жолын көрсетеді.

Қолданылған әдебиет

1. Шамақайұлы Қ. Демократиялық қоғамдағы баспасөз және ақпарат құралдары, Астана, 2006.
2. Данилова Е.Е. Информационные развитие социальных систем.- М.: 2002.
3. Вершинин М.С. Политическая коммуникация в информационном обществе, Санкт-Петербург, 2001.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНОСТРАННЫХ СЛОВ В СОВРЕМЕННЫХ СМИ

Адамиденова Балым Аскаровна

Adamidenova92@mail.ru

Студентка 4 курса ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, факультета журналистики и политологии,
кафедры «Телерадио и связь с общественностью»
Научный руководитель – С. Ш.Тахан

Современное общество привыкло к стремительным изменениям, которым подвергается наша повседневная жизнь. Новые технологии, профессии, определения – все это входит в нашу жизнь быстро и естественно. Динамика глобальных изменений в мире наиболее явственно проявляется в насыщении языков иноязычными словами. Как существенно пополняется лексический корпус русского языка за счет заимствований иноязычных слов сегодня, мы можем судить по процессам, наблюдающимся в сфере адаптации языка СМИ к новым информационным потребностям современного общества. По нашему мнению, наиболее значимыми факторами заимствований русским языком слов из других языков являются следующие – усиление информационных потоков, появление глобальной компьютерной системы Интернет, расширение межгосударственных и международных отношений, развитие мирового рынка, экономики, информационных технологий, участие в олимпиадах, международных фестивалях, показах мод и т.п. Выявление факторов заимствования подтверждает аксиому, что заимствование является естественным следствием установления экономических, политических, культурных связей с другими народами, когда вместе с реалиями и понятиями приходят обозначающие их слова.